



«PMI» КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНЫҢ ІСКЕРЛІК СЕРІКТЕСКЕ АРНАЛҒАН ҚҰПИЯЛЫҚТЫ САҚТАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАСЫ

Біз құпиялылық мәселесіне аса көңіл бөлеміз. Осы хабарламада біздің кім екендігімізге және сізге қатысты қандай ақпаратты жинайтындығымызға және оны қандай мақсаттарда қолданатындығымызға қатысты мәліметтер беріледі. Қосымша ақпарат алу үшін әр бөлімдегі «*толығырақ ақпарат алу*» батырмасын басыңыз.

Сонымен қатар, сізді қызықтырған қызметтерге қатысты қолданылатын шарттарымызды және біздегі өнімдер жиынтығы және сізге қатысты ақпараттың қолданылуы туралы біздің тарапымыздан ұсынылатын кез келген қосымша хабарламаларды оқуыңызды сұраймыз. Мұндай хабарламаларда біздің бизнесті қалай жүргізетіндігіміз туралы және біздің тарапымыздан қолданылуы мүмкін қандай да бір шектеулер туралы толығырақ ақпарат қамтылады.

Сіз немесе сіздің жұмыс берушіңіз бізге өнімдерін немесе қызметтерін ұсынатындықтан, бізден «PMI» компаниялар тобының өнімдерін сатып алатындықтан немесе біздің ортақ бизнес тұрғысынан бізбен өзге де тәртіпте байланысатындықтан, біз сізбен немесе сіздің жұмыс берушіңізбен іскерлік қатынас орнатудамыз. Осы хабарламада сіз бен біздің өзара қарым-қатынас орнатуымызды ескере отырып, біздің тарапымыздан жиналатын сізге қатысты ақпаратқа және біздің мұндай ақпаратты қалай қолданатындығымызға қатысты егжей-тегжейлі мәліметтер берілген.

Біз кіміз?

Біз «Philip Morris International» тобының мүшесіміз. Бізге қатысты деректер (атау, мекенжай және т.б.) біздің сіз туралы ақпарат жинауымыз кезінде сізге жекелеген тәртіпте (кейде растау үшін), мысалы, қосымша бағдарламадағы немесе веб-сайттағы хабарлама немесе электронды хат түрінде (мұндай хабарламаның тиісті сілтемесін көрсету арқылы), не болмаса біздің арамызда жасалған шартта ұсынылады.

Толығырақ ақпарат алу...

- *PMI*: «Philip Morris International», темекі өнімдерін өндіруге маманданған халықаралық жетекші топ. Оның құрамына бірнеше компания немесе «үлестес тұлға» кіреді.
- «PMI» компаниялар тобының үлестес тұлғалары: «Philip Morris International» компаниялар тобының әрбір мүшесі «PMI компаниялар тобының үлестес тұлғасы» болып табылады. «Біз» (немесе «бізді», «біздің») сөзі сізге қатысты ақпараттарды бірінші болып жинаған «PMI» компаниялар тобының үлестес тұлғасына (мысалы, сізден немесе сіздің жұмыс берушіңізден тауарлар немесе қызметтер алу үшін онымен шарт жасасқан «PMI» компаниялар тобының үлестес тұлғасына немесе сізбен шарт жасасқан немесе сіз оның тиісті кеңсесіне барып тұратын «PMI» компаниялар тобының үлестес тұлғасына) қатысты қолданылады.
- «PMI» компаниялар тобының өнімдері: біздің компанияның өнімдері немесе «PMI» компаниялар тобының өзге де үлестес тұлғаларының өнімдері.



Біз сізге қатысты ақпаратты қалай жинаймыз?

Біз сізге қатысты ақпаратты әртүрлі тәсілдердің көмегімен жинауымыз мүмкін.

- Сіз бізге ақпаратты тікелей (мысалы, шарт жасасқан, үлгіні толтырған немесе бізге қоңырау шалған кезде) ұсына аласыз.
- Біз тиісті ақпаратты автоматты түрде (мысалы, «PMI» компаниялар тобының қосымша бағдарламасын немесе веб-сайтын қолдану кезінде) жинауымыз мүмкін.
- Біз тиісті ақпаратты үшінші тұлғалардан (мысалы, сіздің жұмыс берушіңізден, сіздің өкіліңізден немесе компанияның веб-сайты, интернеттегі іздеу парақшалары немесе LinkedIn, Facebook және Twitter сияқты әлеуметтік желілердің платформалары түріндегі жалпыға қолжетімді дереккөздерден алуымыз мүмкін.

Осы хабарламада біз сіздің бізбен «PMI» компаниялар тобының байланыс нүктелері» ретінде байланыс орнатуыңызға көмектесетін барлық әдістерді қолданамыз. «PMI» компаниялар тобының байланыс нүктелеріне физикалық құралдар (мысалы, «PMI» компаниялар тобының кеңселері, сауда бөлімшелері және іс-шаралар), сондай-ақ сандық құралдар (мысалы, электронды пошта арқылы жіберілетін хаттар мен веб-сайттар) кіреді.

Толығырақ ақпарат алу...

Біз сіздің тарапыңыздан тікелей ұсынылған ақпаратты жинауымыз мүмкін. Әдетте бұл сіз:

- біздің компанияның дерекқорларына өзіңіз туралы ақпаратты енгізу үшін тіркелген кезде (мұны жеке кездесу арқылы, қолданба арқылы немесе онлайн тәртіпте орындауға болады);
- бізбен өзіңіздің өнімдеріңіз бен қызметтеріңізді ұсыну туралы шарт жасасқан кезде;
- бізбен «PMI» компаниялар тобының өнімдерін сату туралы шарт жасасқан кезде;
- сандық байланыс нүктесін (мысалы, қолданбалы бағдарлама немесе веб-сайт арқылы) жүктеген немесе қолданған кезде;
- бізге «PMI» компаниялар тобының байланыс нүктесі немесе электронды пошта, әлеуметтік желі немесе телефон арқылы хабарласқан жағдайда;
- «PMI» компаниялар тобының пресс-релиздерін, электронды пошта арқылы жіберілетін хабарламаларды немесе маркетингтік коммуникацияға қатысты мәліметтерді алу үшін тіркелген кезде;
- «PMI» компаниялар тобы өткізетін сауалнамаларға немесе (жергілікті заңнамамен рұқсат етілген болса) конкурстарға немесе жарнамалық акцияларға қатысқан кезде, не болмаса
- біздің кеңселерге келген кезде немесе «PMI» компаниялар тобының үлестес тұлғасы ұйымдастырған іс-шараға қатысқан кезде жүзеге асады.

Біз сізге қатысты ақпаратты автоматты түрде жинауымыз мүмкін. Әдетте бұл сіз:

- біздің кеңселердің біріне келген кезде (мысалы, бейнежазу (жасырын бейнебақылау жүйесінде) және ғимаратқа кіру журналдарында тіркеу арқылы);
- «PMI» компаниялар тобының өнімдерін сататын дүкенде жұмыс істеген немесе мұндай дүкенге келген кезде (мысалы, сізді тіркеу немесе дүкендегі мобильді технологиямен байланыстырылған арнайы сенсорлардың көмегімен сізге қатысты ақпаратты алу арқылы);
- «PMI» компаниялар тобының үлестес тұлғасы ұйымдастырған іс-шараға қатысқан (мысалы, іс-шарада сатып алу/сату әрекеттерін орындау арқылы) немесе оған мұндай іс-шарада қарастырылған мобильді технологиямен байланыстырылған арнайы сенсорлар арқылы қатысқан кезде;



- «PMI» компаниялар тобының жүйелерін немесе «PMI» компаниялар тобына тиесілі ноутбук немесе мобильді телефон сияқты құрылғыларды қолданған кезде;
- бізге хабарласқан жағдайда (мысалы, «PMI» компаниялар тобының байланыс нүктесі немесе әлеуметтік желілердің платформалары арқылы);
- «PMI» компаниялар тобының байланыс нүктелерін қолданған кезде (мысалы, қолданбадағы немесе веб-сайттағы бақылау механизмдері арқылы); не болмаса
- біз тіркелген әлеуметтік желілердің платформаларында жария пікірлер (мысалы, біздің топтың қоғамның пікірін білуіне мүмкіндік беретін пікірлер немесе «PMI» компаниялар тобының өнімдеріне қатысты сауалдарға жауап түріндегі хаттар) жазған кезде жүзеге асады.

Сондай-ақ біз сізге қатысты ақпаратты «PMI» компаниялар тобының сандық байланыс нүктелерінде қарастырылған cookie-файлдардың және осыған ұқсас бақылау технологияларының көмегімен автоматты түрде жинай аламыз. Нақты жағдайда cookie-файлдардың және осыған ұқсас технологиялардың қайсысының қолданылатындығы тиісті сауал тасталған «PMI» компаниялар тобының байланыс нүктесіне тәуелді. Тиісті байланыс нүктесінде қолданылатын cookie-файлдар (соның ішінде Google analytics cookie) және осыған ұқсас технологиялар туралы, сондай-ақ сіздің cookie-файлдарды қалай қабылдай немесе олардан бас тарта алатындығыңыз туралы мәліметтер алу үшін тиісті байланыс нүктесінде қолжетімді немесе ол арқылы алуға болатын «Cookie жөніндегі хабарламаны» қарауыңызды сұраймыз.

Жергілікті заңнамамен рұқсат етілген жағдайда, біз сізге қатысты ақпаратты үшінші тұлғалардан алуымыз мүмкін. Мұндай ақпаратқа «PMI» компаниялар тобының үлестес тұлғалары бір-бірімен бөлісетін ақпарат, үшінші тұлғаның әлеуметтік желілеріндегі (мысалы, LinkedIn) жеке профиліңізде көрсетілген жалпыға қолжетімді ақпарат және бөгде маркетингтік агенттіктерден алынған маркетингтік тізімдер кіруі мүмкін.

Сондай-ақ біз тиісті уақыт кезеңінде сіздің тарапыңыздан өзге де жолдармен көрсетілген ақпаратты жинауымыз мүмкін.

Сіз туралы қандай ақпаратты жинаймыз?

Біз сізге қатысты келесі ақпаратты жинауымыз мүмкін:

- біздің сізбен, сіздің жұмыс берушіңізбен немесе өкіліңізбен арадағы қарым-қатынасты басқаруға және жүйелендіруге қажетті ақпарат
- өнімдер мен қызметтерді сатып алуға қажетті ақпарат
- сауда-саттық мақсаттарына немесе «PMI» компаниялар тобының өнімдері мен қызметтері туралы кеңестер беруге (мысалы, тапсырыстарды орындау үшін) қажетті ақпарат
- «PMI» компаниялар тобының өнімдерін немесе қызметтерін қолдап отыруға, не болмаса кепілдікті қызмет көрсетуге қажетті ақпарат
- біздің тұтынушыларымызға, «PMI» компаниялар тобының өнімдеріне немесе бізге қатысты қандай қызмет түрлерін көрсететіндігіңізге (мысалы, кепілдікті қызмет көрсету, «PMI» компаниялар тобының өнімдері мен сату орындарындағы жарнамалық материалдарды шығару және т.б.) қатысты ақпарат
- шарттарда, үлгілерде немесе сауалнамаларда сіздің тарапыңыздан берілетін ақпарат



- біздің кеңселерге келгендігіңіз және іс-шараларға қатысқандығыңыз туралы ақпарат
- сіз бізге қоңырау шалу кезінде берген немесе электронды пошта арқылы жіберген хаттарда көрсетілген ақпарат
- сіздің қалауыңыз бен мүдделеріңіз туралы ақпарат
- сіздің жасыңызды анықтауға, жеке басыңызды және жұмыс берушіңіздің атынан әрекет ету құқығыңызды (қажеттілік жағдайында) куәландыруға қажетті ақпарат

толығырақ ақпарат алу...

Біздің тарапымыздан сіздің тікелей жеке қатысуыңызбен алынған ақпарат сіз мұндай ақпаратты бізге ұсынған кезде көрсетілген тәртіпте қолданылады. Мысалы:

- егер сіз жеткізуші болсаңыз, біздің арамызда жасалған шарттың талаптарын орындау мақсатында біздің сізбен және сіздің жұмыс берушіңізбен қарым-қатынасымызды басқару үшін сіз өзіңіздің атауыңызды көрсетіп, байланыс деректеріңізді, төлем деректемелеріңізді, сондай-ақ ұсынатын өнімдеріңіз бен қызметтеріңіз туралы деректерді (және қажеттілік жағдайында, шығындарды өтеу тетігін) бересіз;
- сізге сыйақы төлеу сызбаларын ұсынуымыз немесе сізді сіз мүдделі болып табылатын іс-шараларға шақыруымыз үшін сіз бізге өзіңіздің қалауыңыз бен мүдделеріңізге қатысты ақпаратты ұсына аласыз;
- біз сіздің жасыңызды анықтауға және жеке басыңызды куәландыруға мүмкіндік беретін ақпаратты, мысалы, сіздің жеке басыңызды куәландыратын құжаттың көшірмесін жинауымыз мүмкін.

Біздің тарапымыздан автоматты түрде жиналатын ақпаратта негізінен мыналар қамтылады:

- сіздің топтың кеңселеріне келуіңіз немесе қоңырау шалуыңыз туралы мәліметтер (мысалы, мұндай әрекеттердің уақыты мен ұзақтығы);
- біздің топтың кеңселеріне, сауда нүктелеріне немесе іс-шараларына (соның ішінде ең жақын орналасқан аймақтардағы) келу жиілігіне және қандай мақсаттармен жүгінгендігіңізге/келгендігіңізге және бұл жерлерде қанша уақыт болғандығыңызға қатысты ақпарат;
- сіздің «PMI» компаниялар тобының сандық байланыс нүктелерін қолдануыңызға қатысты ақпарат (мысалы, парақшалардың қайсысына кіргендігіңіз, бұған дейін қандай парақшаға кіргендігіңіз, осы парақшадан шыққаннан кейін қандай парақшаға кіргендігіңіз, парақшадан қашан шыққандығыңыз, сіздің тарапыңыздан енгізілген іздеу сөздері немесе байланыс нүктесі шегінде басылған сілтемелер); сондай-ақ
- сіздің құрылғыңыз (мысалы, сіздің IP-мекенжайыңыз немесе құрылғының әмбебап сәйкестендіргіші, орналасқан жерге қатысты деректер, сіздің құрылғыңызда сақталуы мүмкін кез келген cookie-файлдарға қатысты мәліметтер).

Әдетте, біз үшінші тұлғалардан жинайтын ақпаратта сіздің лауазымыңыз, қалауыңыз бен мүдделеріңіз сияқты жалпыға қолжетімді деректер (мәселен, әлеуметтік желілерде жарияланған жария пікірлер негізінде алынған) қамтылады.



Біз сізге қатысты ақпаратты қандай мақсаттарда және қандай құқықтық негіздемеге сүйене отырып қолданамыз?

Бұл бөлімде біз жеке ақпаратты қолдануға негіз болатын мақсаттар туралы баяндаймыз. Алайда, бұл хабарлама жалпылай сипатта болғандықтан, тиісті елдің заңнамасында осы хабарламада сипатталған белгілі бір әрекеттерге шектеу қойылған немесе тыйым салынған жағдайда, біз аталған елде сізге қатысты ақпаратты осы мақсаттар үшін пайдаланбаймыз.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, сіз бен біздің арамыздағы қарым-қатынастың сипатына қарай, біз сізге қатысты ақпаратты келесі мақсаттарда қолдануымыз мүмкін:

- Сіздің жасыңызды анықтау және жеке басыңызды куәландыру, «Өзіңіздің жеткізушіңіз туралы не білесіз?» тексерістерін жүргізу және біздің сізбен немесе сіздің жұмыс берушіңізбен арамыздағы шарттық қатынастарды басқару сияқты нормативтік міндеттемелерді жүзеге асыру үшін
- Нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету, мысалы, сізге қатысты жазбаларды қандай да бір болжалды даулар туындаған кезде біздің заңгерлерден немесе өзге де кенесшілерден кеңестер алу мақсатында сақтап қою және қолдану үшін
- Сізден немесе сіздің жұмыс берушіңізден өнімдерді немесе қызметтерді сатып алу, соның ішінде сіз бен біздің арамыздағы қарым-қатынасты басқару үшін сізбен байланыс орнату, сауда айналымына қатысты қызметтерді сатып алу және сізге тауарлардың, қызметтердің ақысын төлеу және шығындарды өтеу (қажеттілік жағдайында) үшін
- Біздің өнімдерімізді сізге сату, соның ішінде сіздің тапсырыстарыңызды орындау, сіздің төлемдеріңізді өңдеу үшін
- Сізге сауда айналымына қатысты қызметтерді ұсыну, соның ішінде сіздің сауалдарыңызға жауап беру және талаптарыңызды қанағаттандыру, сондай-ақ кепілдікті қызмет көрсету үшін
- Сізге қандай да бір жаңарту әрекеттері, жарнамалық акциялар, іс-шаралар туралы хабарлау және біздің қарым-қатынасымызға қатысты аспектілерді басқару, соның ішінде бейілділік бағдарламаларын реттеу, өнімдерді жетілдіру, нарықты зерделеу, маркетингтік стратегияларды дайындау, маркетингтік кампанияларды басқару және іс-шараларды ұйымдастыру барысын жүйелендіру үшін
- Жоғарыда аталған әрекеттердің барлығын қолдап отыру, соның ішінде сіздің немесе жұмыс берушіңіздің тіркеу жазбаларын әкімшіліктендіру, сіздің «PMI» компаниялар тобының байланыс нүктелерін қолдануыңызға және «PMI» компаниялар тобының өнімдерін сатуыңызға мүмкіндік беру, әкімшіліктендіру және ақауларды жою, жалпы жазбаларды жүргізу және біздің тарапымыздан сізге қол жеткізу құқығы берілген кез келген жүйеге кіруіңізді бақылау үшін
- Бизнес-талдау және бизнестің тиімділігін арттыру шараларын орындау, соның ішінде «PMI» компаниялар тобының өнімдерін, кеңселерін, үдерістерін, дүкендері мен іс-шараларын, сондай-ақ біздің (немесе біздің үлестес тұлғаларымыздың) тарапымыздан біздің клиенттерге, жеткізушілерге, қызметтерді ұсынушы тұлғаларға, үшінші тұлғаның мердігерлеріне, бөлшек саудагерлерге және келіп-кетушілерге ақпараттың берілу барысын жетілдіру үшін
- Қауіпсіздікті қамтамасыз ету, соның ішінде интернеттегі және электронды пошта арқылы ұсынылатын құралдардың тиісті түрде қолданылуын қадағалау үшін



- Бізге немесе біздің іскерлік серіктестерімізге сізге маркетингтік шараларға немесе «PMI» компаниялар тобының өнімдерін ілгері жылжыту шараларына қатысу туралы хабарлауға мүмкіндік беру үшін
- Сізге алдын ала хабарланатын немесе тиісті мәселенің барысына қарай айқындалатын, сіз туралы бастапқыда жиналған ақпаратқа қатысы бар өзге де мақсаттар үшін

Біздің тарапымыздан сізге қатысты ақпаратты қолдану негізі ретінде келесі негіздердің бірі қолданылады (аталған негіздер «толығырақ білу» бөлімінде егжей-тегжейлі түсіндіріледі):

- бізге жүктелетін заңды міндеттемелерді тиісті түрде орындау;
- сіз бір тарабы болып табылатын келісімшартты орындау;
- сіздің өзіңізге қатысты тиісті ақпаратты қорғауыңыз үшін талап етілетін мүдделерге қайшы келмейтін заңды бизнестік мүдделер;
- жоғарыда көрсетілген негіздердің бірде бірі қолданылмаған жағдайда, сізге қатысты ақпаратты қолдану үшін сіздің келісіміңіз қажет (біз ақпаратты өңдеместен бұрын сізден мұндай келісім беретіндігіңізді сұраймыз).

толығырақ ақпарат алу...

Біз төменде көрсетілген тиісті ақпаратты жинау әдістері мен мұндай ақпаратты қолданудың құқықтық негізін басшылыққа ала отырып, сізге қатысты ақпаратты келесі мақсаттарда қолданамыз:

Мақсаты	Ақпаратты жинау әдісі және оны өңдеудің құқықтық негізі
<p>Нормативтік міндеттемелерді орындау</p> <ul style="list-style-type: none">• сіздің жасыңызды анықтау, жеке басыңызды және іскерлік серіктес мәртебенізді куәландыру• салық және бухгалтерлік есеп міндеттемелерін анықтау• сауда ықпалшараларын анықтау• анықтамалық сипаттағы мәліметтерді тексеру• еңбекті қорғау жөніндегі менеджмент• ақпаратты жариялауға қатысты нормативтік-құқықтық талаптарды анықтау• мүдделер қайшылығын анықтау• сіздің бөгде кеңесші ретінде қызмет атқаруыңыз үшін берілетін құзыреттер шеңберінде табельдер мен шот-фактураларды толтыру• шарттарды және оған байланысты құжаттарды өз құзыретіңіз шеңберінде толтыру• теріс қылық туралы айыптарды тексеру	<p>Бұл ақпарат әдетте сіз біздің топпен қарым-қатынаста болған немесе өзара әрекеттестік орнатқан кезең ішінде тікелей ұсынылады.</p> <p>Біз мұндай ақпаратты бізге тек ересек адамдармен сауда-саттық жасау және топтың бизнесін лайықты түрде жүзеге асыру (соның ішінде компаниялар туралы заңнама мен салық заңнамасын тиісті түрде орындау арқылы), қаржы және салық есебін жүргізу, сауда ықпалшараларын басшылыққа алу, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі заңдарды сақтау (бұған туындаған оқиғалардың жазбасын жүргізу әрекеті кіруі мүмкін), есептер дайындау, құзыретті органдардың қандай да бір ақпаратты сұратуы кезінде оларға жауап беру және қандай да бір мүдделер қайшылығын реттеу қажет болғандықтан, немесе мұндай заңды міндеттемелер жүктелмейтін елдерде, сізге қатысты ақпаратты қорғау үшін сіздің мүдделеріңізге, құқықтарыңыз бен бостандықтарыңызға қайшы келмейтін үздік практикалық талаптарға сәйкес топтың бизнесін жүргізуге қатысты заңды бизнестік мүдделерді қамтамасыз ету талап етілетіндіктен қолданамыз.</p>



Мақсаты	Ақпаратты жинау әдісі және оны өндеудің құқықтық негізі
<p>Өнімдер мен қызметтерді сатып алу</p> <ul style="list-style-type: none">• сіздің немесе жұмыс берушіңіздің бізге өнімдер мен қызметтерді ұсынуы кезінде сізбен хабарласу• біздің тарапымыздан сізге немесе сіздің жұмыс берушіңізге қатысты ашылған тіркеу жазбасын әкімшіліктендіру• төлемдер жүргізу• өзара қарым-қатынасты басқару• сіздің сіз бен біздің арамыздағы ортақ шартты, біздің саясаттарымыз бен ішкі бағдарламаларымызды (мысалы, сіз бізге шикізат ұсынатын фермер болған жағдайда, GAP бағдарламасын) орындауыңызды қадағалау• біздің арамыздағы ортақ шарттың, топтың саясаттары мен ішкі бағдарламаларының орындалмауын, туындаған өзге де мәселелер мен оқиғаларды тергеу• біздің арамыздағы ортақ шарттың, топтың саясаттары мен ішкі бағдарламаларының орындалмауын, туындаған өзге де мәселелер мен оқиғаларды шешу барысын басқару	<p>Әдетте, мұндай ақпаратты біз сіздің тікелей қатысуыңызбен немесе сіздің жұмыс берушіңізден аламыз (бұған негізінен, компанияның атауы, қызметі, қызметтік мекенжайы, қызметтік электронды мекенжайы, тапсырыстар, қызметтер, төлем деректері (қажеттілік жағдайында, шығындарды өтеу тетігі туралы мәліметтер), қатынас хаттар кіреді).</p> <p>Біз мұндай ақпаратты сіздің немесе жұмыс берушіңіздің өнімдері мен қызметтерін сатып алушы болып табылатын біздің топтың сізбен немесе сіздің жұмыс берушіңізбен жасаған шартымызды орындау қажет болғандықтан, не болмаса мұндай міндеттеме жүктелмеген жағдайда, біздің топқа сізге қатысты ақпаратты қорғау үшін сіздің мүдделеріңізге, құқықтарыңыз бен бостандықтарыңызға қайшы келмейтін, біздің топтың бизнесін жүргізуге, сізден немесе сіздің жұмыс берушіңізден қабылдайтын өнімдер немесе қызметтер туралы сізге хабарласуға, төлемдер жүргізуге, біздің сізбен және сіздің жұмыс берушіңізбен қарым-қатынасымызды басқаруға, біздің арамыздағы ортақ шарттың, топтың саясаттары мен бағдарламаларының орындалуын қадағалауға қатысты заңды бизнестік мүдделерді қамтамасыз ету талап етілетіндіктен пайдаланамыз.</p>
<p>Біздің өнімдерді сату</p> <ul style="list-style-type: none">• сіздің тапсырыстарыңызды орындау (соның ішінде төлем түбіртектерін жіберу)• сіздің төлемдеріңізді өндеу• кепілдікті қызмет көрсету	<p>Әдетте, мұндай ақпаратты біз сіздің тікелей қатысуыңызбен немесе сіздің жұмыс берушіңізден (тиісті жағдайларда) аламыз (бұған негізінен, компанияның атауы, қызметі, қызметтік мекенжайы, қызметтік электронды мекенжайы, тапсырыстар, төлем деректері, қатынас хаттар кіреді).</p> <p>Біз мұндай ақпаратты біздің өнімдерді сатып алушы болып табылатын сіздің және жұмыс берушіңіздің алдындағы шарттық міндеттемелерімізді орындау үшін пайдаланамыз.</p>
<p>Сауда айналымына қатысты қызметтерді ұсыну</p> <ul style="list-style-type: none">• сіздің сауалдарыңызға жауап беру және талаптарыңызды қанағаттандыру• сізбен хат алмасу• жалпы әкімшіліктендіру және ақауларды жою• өзара қарым-қатынасты басқару	<p>Әдетте, мұндай ақпаратты біз сіздің тікелей қатысуыңызбен немесе сіздің жұмыс берушіңізден аламыз.</p> <p>Біз мұндай ақпаратты біздің топта сізге қатысты ақпараттың қолданылуын қорғау үшін сіздің мүдделеріңізге, құқықтарыңыз бен бостандықтарыңызға қайшы келмейтін, сізге немесе сіздің жұмыс берушіңізге сауда айналымына қатысты қызметтерді ұсынуға қатысты заңды бизнестік</p>



Мақсаты	Ақпаратты жинау әдісі және оны өңдеудің құқықтық негізі
	мүдделердің болуына байланысты пайдаланамыз.
<p><i>Бизнесімізді жылжыту және өзара қарым-қатынасты басқару (жергілікті заңнамамен рұқсат етілген болса)</i></p> <ul style="list-style-type: none">• сізге қандай да бір жаңарту әрекеттері, жарнамалық акциялар мен іс-шаралар туралы хабарлау• біздің арамьздағы өзара қарым-қатынасты басқару• сіздің қалауыңызды түсіну (мысалы, сізді қандай өнімдер немесе іс-шаралар қызықтыруы мүмкін екендігін немесе олардың қайсысы сіздің қажеттіліктеріңізді барынша қанағаттандыратынын білу)• ниеттестік бағдарламаларын басқару• сізді зерттеулерге немесе нарықты зерделеу кампанияларына қатысуға және оларды басқаруға шақыру• нарықты зерделеу• маркетингтік стратегияларды дайындау• маркетингтік кампанияларды басқару• сіздің «PMI» компаниялар тобының байланыс нүктелерін қолдануыңызды оңтайландыру (мысалы, байланыс нүктелеріне кіру кезінде сізге қызықты болуы мүмкін қарсы алу сөздерін шығару немесе ұсыныстар беру сияқты жекелеген функцияларды қамтамасыз ету)	<p>Әдетте, бұл сіздің тарапыңыздан бізге ұсынылатын ақпараттың (мысалы, серіктестің атауы, байланыс деректері және оның әлеуметтік желілеріне қатысты деректер); біз автоматты түрде жинайтын ақпараттың (мысалы, «PMI» компаниялар тобының байланыс нүктелерінің қолданылуын бақылау технологияларының көмегімен алынған ақпарат) және (жергілікті заңнамамен рұқсат етілген болса) біз үшінші тұлғалардан алатын ақпараттың (мысалы, әлеуметтік желілерде жарияланған жария пікірлер) үйлесімі болып табылады.</p> <p>Біз мұндай ақпаратты біздің топта сіз туралы ақпаратты қорғау үшін сіздің мүдделеріңізге, құқықтарыңыз бен бостандықтарыңызға қайшы келмейтін, сіз бен біздің қарым-қатынасымызды басқаруға және сізге біздің топтың қызметі, өнімдері мен іс-шаралары туралы хабарлауға, «PMI» компаниялар тобының байланыс нүктелерін басқаруға және сіздің тарапыңыздан орындалатын әрекеттерді оңтайландыруға қатысты заңды бизнестік мүдделердің болуына байланысты пайдаланамыз.</p>
<p><i>Бизнесімізді жылжыту және өзара қарым-қатынасты басқару (жергілікті заңнамамен рұқсат етілген болса)</i></p> <ul style="list-style-type: none">• сізге «PMI» компаниялар тобының үлестес тұлғаларына, олардың жарнамалық науқандарына, өнімдері мен қызметтеріне, дүкендеріне, іс-шараларына және темекі бұйымдары туралы жекелеген нормаларға қатысты және оларды басқаруға қатысты; сондай-ақ осы мақсаттарға қол жеткізу құралдарын дайындауға және жетілдіруге қатысты ақпарат ұсыну	<p>Әдетте, бұл сіздің тарапыңыздан бізге ұсынылатын ақпараттың (мысалы, серіктестің атауы және байланыс деректері, сондай-ақ оның әлеуметтік желілеріне қатысты деректер); біз автоматты түрде жинайтын ақпараттың (мысалы, cookie-файлдар мен осыған ұқсас бақылау технологияларының қолданылуы туралы ақпарат) және (жергілікті заңнамамен рұқсат етілген болса) біз үшінші тұлғалардан алатын ақпараттың (мысалы, әлеуметтік желілерде жарияланған жария пікірлер) үйлесімі болып табылады.</p> <p>Біз мұндай ақпаратты біздің топта сізге қатысты ақпараттың қолданылуын қорғау үшін сіздің</p>



Мақсаты	Ақпаратты жинау әдісі және оны өндеудің құқықтық негізі
	<p>мүдделеріңізге, құқықтарыңыз бен бостандықтарыңызға қайшы келмейтін, сізге осы ақпарат туралы хабарлауға қатысты заңды бизнестік мүдделердің болуына байланысты қолданамыз.</p> <p>Кейбір елдерде, жергілікті заңнамамен талап етілген жағдайда, біз мұндай материалдарды сізге тек сіздің келісіміңізді алғаннан кейін ғана электронды форматта жібереміз.</p>
<p>Іскерлік әкімшіліктендіру</p> <ul style="list-style-type: none">• жалпы ұйымдастырушылық басқару және іскерлік қызмет есебін жүргізу• мердігердің қызметтерді жүзеге асыруы барысын қадағалау (мердігер жалданған бүкіл мерзім ішінде)• келіп-кетушілерді тіркеу және есепке алу• арнайы іс-шараларды, оқыту курстары мен сәйкестікті қамтамасыз ету бағдарламаларын басқару және жүзеге асыру• біздің сізбен немесе сіздің жұмыс берушіңізбен қарым-қатынасымызға қатысты хат алмасу, соның ішінде сіздің сауалдарыңызға жауап беру және талаптарыңызды қанағаттандыру• IT жүйелерін дайындау, қолданысқа енгізу, олармен жұмыс істеу және оларға қызмет көрсету• жүйелердің, құрылғылар мен ғимараттардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету• байланыс дерекқорларымен және топтық жұмыстарды қамтамасыз ету құралдарымен жұмыс істеу• халықаралық шеңбердегі тапсырмаларды орындау және сапарларға бару• қауіпсіз жұмыс ортасын қалыптастыру• «PMI» компаниялар тобының үлестес тұлғаларының қызметкерлер құрамының, клиенттердің, жеткізушілердің, келіп-кетушілердің қорғанысы мен қауіпсіздігін, сондай-ақ әрбір тұлғаның мүлкінің қорғалуын қамтамасыз ету	<p>Әдетте, мұндай ақпаратты біз сіздің тікелей қатысуыңызбен немесе сіздің жұмыс берушіңізден аламыз.</p> <p>Біз мұндай ақпаратты біздің топта сізге қатысты ақпараттың қолданылуын шектеу үшін сіздің мүдделеріңізге, құқықтарыңыз бен бостандықтарыңызға қайшы келмейтін, біздің топтың бизнесін жүргізуге, сіз бен біздің қарым-қатынасымызды басқаруға және біздің ғимараттарымыз бен IT жүйелеріміздің қауіпсіздігі мен тұтастығын қамтамасыз етуге қатысты заңды бизнестік мүдделердің болуына байланысты пайдаланамыз.</p>
<p>Қауіпсіздікті және жүйелерді бақылау</p> <ul style="list-style-type: none">• талап етілген жағдайда, бақылау құралдары мен журналдардың	<p>Мұндай ақпарат біздің үй-жайларымыздағы автоматтандырылған жүйелер мен бақылау құрылғылары, жасырын бейнебақылау жүйесі (CCTV)</p>



Мақсаты	Ақпаратты жинау әдісі және оны өңдеудің құқықтық негізі
<p>дұрыстығын және оларға қол жеткізу мүмкіндігін тексеру</p> <ul style="list-style-type: none">• сізге қол жеткізу құқығы берілетін «PMI» компаниялар тобының жүйелерін, құрылғыларын, интернет парақшалары мен электронды поштасын бақылау• «PMI» компаниялар тобының үй-жайларына кіру рұқсатын, «PMI» компаниялар тобының үлестес тұлғаларының қызметтерді жеткізуін және үй-жайлардағы қауіпсіздік шараларын бақылау	<p>мен аудиозажаба құрылғылары сияқты әртүрлі құралдардың көмегімен автоматты түрде жиналады.</p> <p>Біз мұндай ақпаратты біздің топта сізге қатысты ақпараттың қолданылуын қорғау үшін сіздің мүдделеріңізге, құқықтарыңыз бен бостандықтарыңызға қайшы келмейтін, біздің физикалық және сандық инфрақұрылымымыз бен үй-жайларымыздың құпиялылығын, тұтастығы мен қауіпсіздігін сақтауға қатысты заңды бизнестік мүдделерді қамтамасыз ету талап етілетіндіктен қолданамыз.</p>
<p>Жоғарыда көрсетілген мақсаттардың барлығының жүзеге асырылуын қадағалау</p> <ul style="list-style-type: none">• сіздің тіркеу жазбаларыңызды әкімшіліктендіру• сіздің «PMI» компаниялар тобының байланыс нүктелерін қолдануыңызға мүмкіндік беру (мысалы, сізге байланыс нүктесінің тиісті бөлімдеріне өз логиніңізбен кіруіңізге мүмкіндік беру (мұндай мүмкіндік тек тіркелген пайдаланушыларға ғана беріледі), сізге қандай да бір тілді таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету, сіздің онлайн-дүкендегі «себетіңізді» бізбен байланыстыру)• сізбен хат алмасу• сіздің біздің компанияға қатысты алған әсеріңіздің барынша жоғары болуын қамтамасыз ету• әкімшіліктендіру және ақауларды жою	<p>Әдетте, бұл сіздің тарапыңыздан ұсынылатын ақпарат (әдетте, аты-жөніңіз, құпиясөз және осыған ұқсас деректер) мен біздің тарапымыздан автоматты түрде жиналатын ақпараттың (мысалы, сіздің құрылғыңызға, cookie-файлдар мен осыған ұқсас бақылау технологияларға қатысты ақпарат) үйлесімі болып табылады.</p> <p>Біз мұндай ақпаратты біздің тарапымыздан үйлестірілетін ақпаратты қолдану мақсаттарына сәйкес келетін негіздерді басшылыққа ала отырып қолданамыз. Мәселен, біз сіздің тіркеу жазбаңызды сатып алу әрекеттерін жүзеге асыру немесе сатып алғаннан кейінгі қызметтерді көрсету үшін әкімшіліктендірген жағдайда, біз мұндай ақпаратты біздің топтың өнімдерін сатып алушы болып табылатын сіздің алдыңыздағы шарттық міндеттемелерімізді орындау үшін қолданамыз; ал оны біздің өнімдерімізге қатысты сіздің ағымдағы статусыңызды жаңарту үшін әкімшіліктендірген жағдайда, біздің топта бизнесті жан-жақты қолдау көзделетінін ескере отырып, мұндай ақпаратты сізге қатысты ақпаратты қорғау үшін сіздің мүдделеріңізге, құқықтарыңыз бен бостандықтарыңызға қайшы келмейтін, біздің топтың өнімдерін нарыққа шығаруға және т.б. шараларға қатысты заңды бизнестік мүдделердің болуын негізге ала отырып пайдаланамыз.</p>
<p>Бизнес-талдау және бизнестің тиімділігін арттыру шаралары</p> <ul style="list-style-type: none">• бізге немесе біздің іскерлік серіктестерімізге сізге «PMI» компаниялар тобының өнімдерін ілгері жылжыту шараларына қатысу туралы	<p>Әдетте, бұл сіздің тарапыңыздан бізге ұсынылатын ақпарат мен біз автоматты түрде жинайтын ақпараттың, сондай-ақ (жергілікті заңнамамен рұқсат етілген болса) біз үшінші тұлғалардан алатын ақпараттың үйлесімі болып табылады.</p> <p>Біз мұндай ақпаратты біздің топта сіз туралы</p>



Мақсаты	Ақпаратты жинау әдісі және оны өндеудің құқықтық негізі
<p>хабарлауға мүмкіндік беру</p> <ul style="list-style-type: none">• бизнес-талдау және бизнестің тиімділігін арттыру шараларын жүзеге асыру (соның ішінде «PMI» компаниялар тобының өнімдеріне, жүйелеріне, үдерістеріне, кеңселеріне, «PMI» компаниялар тобының өнімдері сатылатын сауда бөлімшелеріне, оқыту курстарына, іс-шараларға, «PMI» компаниялар тобының сандық байланыс нүктелері мен құрылғыларына қатысты ақпарат, сондай-ақ біздің тарапымыздан (немесе біздің үлестес тұлғаларымыздың тарапынан) сізге немесе сіздің жұмыс берушіңізге берілетін ақпарат)	<p>ақпаратты қорғау үшін сіздің мүдделеріңізге, құқықтарыңыз бен бостандықтарыңызға қайшы келмейтін, біздің топтың іскерлік қызметінің өнімділігіне, біздің өнімдерге, жүйелерге, үдерістерге, кеңселерге, дүкендерге, оқыту курстарына, іс-шараларға, «PMI» компаниялар тобының сандық байланыс нүктелері мен құрылғыларына талдау жүргізуге және олардың деңгейін арттыруға, сондай-ақ өзгелерді «PMI» компаниялар тобының өнімдерін ілгері жылжытуға шақыруға қатысты заңды бизнестік мүдделердің болуына байланысты қолданамыз.</p>

Егер сізге қатысты ақпараттың біздің тарапымыздан қолданылуы жоғарыда көрсетілген құқықтық негіздердің ешқайсысына негізделмейтін болса, біз тиісті ақпаратты өңдеместен бұрын осыған қатысты сіздің келісіміңізді аламыз (мұндай жағдайлар тиісті факторларды ескере отырып айқындалады).

Біз кейбір жағдайларда сізге қатысты ақпаратты жоғарыда сипатталғаннан бөлек әдістердің көмегімен пайдалануымыз мүмкін. Бұл жағдайда, біз сізге мұндай пайдалану шарттары қамтылған қосымша Құпиялылық туралы хабарламаны ұсынамыз. Сіз осы хабарламамен қатар, кез келген қосымша хабарламаны да оқуға тиістісіз.

Біз сізге қатысты ақпаратты кіммен және қандай мақсаттар үшін бөлісеміз?

Біз сізге қатысты ақпаратты келесі тұлғалармен бөлісе аламыз:

- «PMI» компаниялар тобының үлестес тұлғалары;
- «PMI» компаниялар тобының үлестес тұлғаларына немесе сізге өзінің өнімдерін немесе қызметтерін ұсынатын үшінші тұлғалар (мысалы, кәсіби кеңесшілер, төлем қызметтерін ұсынушы тұлғалар, жеткізу қызметтерін ұсынушы тұлғалар, аудиторлар және ақпараттық қызметтерді ұсынушы тұлғалар);
- «PMI» компаниялар тобының үлестес тұлғаларының жан-жақты іріктелген іскерлік серіктестері мен жарнама берушілері (біздің өнімдермен байланысқан салаларда маманданған, не болмаса мұндай үлестес тұлғалардың стилі мен беделіне сәйкес келетін тұлғалар); бұл ретте мұндай тұлғалармен ақпаратты бөлісу олардың сіздің қалауыңызды ескере отырып, олардың пікірінше сізді қызықтыруы мүмкін қандай да бір ұсыныстармен, соның ішінде сауда бағдарламаларымен, оқу материалдарымен және оқыту курстарымен сізге жүгіне алуы үшін қажет; сондай-ақ
- жергілікті заңнамамен талап етілген және рұқсат етілген болса, басқа да үшінші тұлғалар (мысалы, қадағалау органдары; үкіметтік ұйымдар және кәсіби кеңесшілер).

толығырақ ақпарат алу...



Ақпаратты «PMI» компаниялар тобының басқа да үлестес тұлғаларымен бөлісу

- Біз сізге қатысты ақпаратты «PMI» компаниялар тобының үлестес тұлғалары үшін Жеке деректерді өңдеу жұмыстарын бір орталықтан әкімшіліктендіру орны қызметін атқаратын «Philip Morris International Management SA» компаниясымен (Швейцарияның Лозанна қаласында орналасқан) бөлісеміз. Сонымен қатар, біз сізге қатысты ақпаратты «PMI» компаниялар тобының үлестес тұлғалары үшін технологияларды жеткізуші қызметін атқаратын «Philip Morris International IT Service Centre Sàrl» компаниясымен (Швейцарияның Лозанна қаласында орналасқан) бөлісеміз. «Philip Morris International Management SA» компаниясы мен «Philip Morris International IT Service Centre Sàrl» компаниясы (өздерінің құзыреттері шегінде) сізге қатысты ақпаратты осы хабарламада көрсетілген мақсаттардың барлығы үшін пайдаланады.
- Егер біз сізді жұмыс бабымен қандай да бір сапарға жіберетін болсақ (мысалы, сіз «PMI» компаниялар тобының өзге үлестес тұлғасының кеңсесіне барсаңыз), біз осы хабарламада көзделген барлық мақсаттарды ескере отырып, сізге қатысты ақпаратты біздің топтың аймақтық операциялық орталығы болып табылатын «PMI» компаниялар тобының үлестес тұлғасымен (егер бұл «PMI» компаниялар тобының ақпаратты бірінші болып жинаған үлестес тұлғасы болмаса), сіз сапармен барған «PMI» компаниялар тобының үлестес тұлғасы үшін аймақтық операциялық орталық қызметін атқаратын «PMI» компаниялар тобының үлестес тұлғасымен, сіз сапармен барған «PMI» компаниялар тобының үлестес тұлғасымен, сондай-ақ жұмыс бабы бойынша орындалатын сапар барысында қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларына жауапты «PMI» компаниялар тобының үлестес тұлғасымен бөлісуіміз мүмкін.
- Сізге қатысты ақпарат сіз байланыс орнататын немесе ортақ бизнесті жүзеге асыратын «PMI» компаниялар тобының кез келген өзге үлестес тұлғасына (мысалы, сіз өнімдер мен қызметтерді «PMI» компаниялар тобының өзге үлестес тұлғаларына сатқан немесе «PMI» компаниялар тобының үлестес тұлғасымен қарым-қатынас орнату кезінде олардың кеңселеріне сапармен барған жағдайда) берілуі мүмкін.

Тиісті ақпараттың «PMI» компаниялар тобының қандай үлестес тұлғасының немесе қандай елдің шегінде құрылғандығы туралы егжей-тегжейлі мәліметтерді [мына сілтеме](#) арқылы біле аласыз.

Ақпаратты үшінші тұлғалармен бөлісу

- Біз сізге қатысты ақпаратты «PMI» компаниялар тобының үлестес тұлғаларына немесе сізге өзінің өнімдерін немесе қызметтерін ұсынатын үшінші тұлғалармен (мысалы, сіздің жұмыс берушіңізбен, кеңесшілермен, төлем қызметтерін ұсынушы тұлғалармен, жеткізу қызметтерін ұсынушы тұлғалармен, бөлшек саудагерлермен, өнімнің белгілі бір түріне маманданған тұлғалармен, ақпараттық қызметтерді ұсынушы тұлғалармен және тиісті тұлғаның жасын анықтау қызметтерін ұсынушы тұлғалармен) бөлісуіміз мүмкін.
- Біз сізге қатысты ақпаратты «PMI» компаниялар тобының үлестес тұлғаларының жан-жақты іріктелген іскерлік серіктестерімен және жарнама берушілерімен (олар ұсынатын өнімдерді біздің өнімдермен байланыстыру мүмкін болған жағдайда, мәселен, біздің беделіміз, стиліміз немесе қызметіміз ұқсас әлде бір-бірін толықтыратын болса) олардың сіздің қалауыңызды ескере отырып, олардың пікірінше сізді қызықтыруы мүмкін қандай



да бір өнімдерді, қызметтер және жарнамалық науқандарды ұсыну мақсатында сізге жүгінуін қамтамасыз ету үшін бөлісуіміз мүмкін.

- Біз жергілікті заңнамамен талап етілген және рұқсат етілген болса, сізге қатысты ақпаратты басқа да үшінші тұлғалармен, мысалы қадағалау органдарымен; үкіметтік ұйымдармен; құқық қорғау органдарының немесе өзге де мемлекеттік шенеуніктердің сұратуына жауап ретінде; біздің тарапымыздан мұндай ақпаратты жариялау физикалық зардаптың немесе қаржылай шығынның алдын алу үшін қажет немесе ойға қонымды деп есептелген кезде, әлде болжалды немесе іс жүзіндегі заңсыз әрекеттерді тергеуге байланысты; сондай-ақ ұйымдастырушылық қайта құрылымдау мақсатында бөлісуіміз мүмкін.
- Егер біз сізді жұмыс бабымен қандай да бір сапарға жіберетін болсақ (мысалы, сіз «PMI» компаниялар тобының өзге үлестес тұлғасының кеңсесіне барсаңыз), сізге қатысты ақпарат мұндай сапарды ұйымдастыратын, көлік қызметтері мен туристік қызметтерді ұсынатын туристік агенттіктер, онлайн брондау қызметтерін көрсетуші тұлғалар, билет сататын агенттер, әуе компаниялары, автомобиль жалдау компаниялары, темір жол агенттіктері мен қонақүйлер сияқты үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін. Мұндай үшінші тұлғалар сізге қатысты ақпаратты өздерінің жеке мақсаттарына (мысалы, өздерінің сізге көлік немесе тұрғын үй ұсыну міндеттемелерін орындау үшін) қолданатын болады, бұл ретте сіз олардың сізге қатысты ақпаратты қалай пайдаланатындығы туралы қосымша ақпарат алу үшін олардың Құпиялылық туралы хабарламасын тексеруіңіз қажет.

Сізге қатысты ақпарат кімге жіберілуі мүмкін?

Кез келген көпұлтты ұйымдағыдай, «PMI» компаниялар тобының үлестес тұлғалары ақпаратты бүкіл әлем бойынша таратады. Тиісінше, сізге қатысты ақпарат бүкіл әлем бойынша берілуі мүмкін (егер сізге қатысты ақпарат Еуропалық экономикалық аймақ шеңберінде жиналатын болса, бұл мұндай ақпараттың оның шегінен тыс берілуі мүмкін екендігін білдіреді).

толығырақ ақпарат алу...

Осы хабарламада сипатталған ақпаратты қолдану кезінде, сізге қатысты ақпарат мұндай ақпарат жиналған елдің немесе аумақтың шегінде немесе одан тыс, соның ішінде тиісті деректерді қорғауға мүмкіндік беретін балама стандарттары болмауы мүмкін ел немесе аумақ шегінде берілуі мүмкін.

Еуропалық экономикалық аймақ («ЕЭА») шегінде орналасқан «PMI» компаниялар тобының үлестес тұлғалары жеке тұлғаларға қатысты ақпаратты «PMI» компаниялар тобының үлестес тұлғаларына ЕЭА шегінен тыс бере алады. Мұндай мүмкіндік, мәселен, бүкіл әлем бойынша бизнестік операцияларды жеңілдету үшін ескерілген. Бұл ретте, кез келген жағдайда мұндай ақпаратты беру:

- [Еуропалық комиссияның Сәйкестік туралы шешімі](#) негізінде жүзеге асырылуы тиіс;
- тиісті кепілдіктермен, мысалы [ЕО-ның Типтік шарттарымен](#) қорғалуы тиіс, не болмаса
- сіз бен біздің арамызда жасалған шарттың міндеттемелері орындалуы (немесе сіздің сұрауыңыз бойынша шарт жасасуға дейін қабылданған шаралар жүзеге асырылуы), не болмаса сіздің мүдделеріңізді ескере отырып, біз бен үшінші тұлға арасында шарт жасасуға немесе жасалған шартты орындауға қатысты міндеттемелер, мысалы, сапар шығындарын төлеу міндеттемелері орындалуы тиіс.



Барлық жағдайда, деректерді қорғау туралы қолданбалы заңнамаға сәйкес осы елдерде немесе аумақтарда жеке ақпаратты қорғауға бағытталған тиісті қауіпсіздік шаралары жүзеге асырылуы қажет.

Біз сізге қатысты ақпаратты қалай қорғаймыз?

Біз жеке ақпаратты қорғау үшін оның рұқсатсыз жариялануын, пайдаланылуын, өзгертілуін немесе жойылуын болдырмауға бағытталған тиісті техникалық және ұйымдастырушылық іс-шараларды жүзеге асырамыз. Қажеттілік жағдайында, біз сіздің тарапыңыздан ұсынылатын ақпараттың қорғалуын қамтамасыз етуге көмектесуі мүмкін кодтау әрекеттерін және басқа да технологияларды қолданамыз. Сондай-ақ біз бізге қызметтерін ұсынушы тұлғалардан деректердің құпиялығынына және қауіпсіздігіне қатысты қатаң талаптарды сақтауларын талап етеміз.

Сізге қатысты ақпарат қандай мерзімге сақталады?

Біз сізге қатысты ақпаратты мұндай ақпараттың жиналуына негіз болған мақсаттарды орындауға қажетті кезең ішінде сақтаймыз. Бұдан кейін мұндай ақпарат жойылады. Кезеңнің ұзақтығы тиісті ақпараттың жиналуына негіз болған мақсаттарға байланысты болады. Кейбір жағдайда сіз бізден тиісті ақпараттың жойылуын сұрауға құқылы екендігіңізді есіңізде сақтаңыз. Сонымен қатар, бізге кейбір жағдайда заң бойынша, мәселен, салық төлеу және есеп жүргізу мақсаттарында тиісті ақпаратты сақтау міндеті жүктеледі.

толығырақ ақпарат алу...

Әдетте, біз деректерді төмендегі кестеде берілген критерийлер негізінде сақтаймыз:

Деректердің типі	Түсіндірмесі / деректерді сақтауға қатысты типтік критерийлер
<ul style="list-style-type: none">• дерекқордағы жазбалар	Егер сіз бізге өз қызметтерін ұсынатын (тікелей немесе жұмыс берушіңіз арқылы) жеке тұлға болсаңыз, сіздің профиліңіздегі ақпараттың көп бөлігі сіз бен біз қарым-қатынас орнатқан мерзім ішінде; мысалы, сіз қызметтерді ұсынуды, өнімдерді сатып алуды, сандық байланыс нүктелерін қолдануды немесе біздің қатынас хаттарымызға жауап беруді одан әрі жалғастырған мерзім ішінде сақталады. Дегенмен, сіздің маркетингтік профиліңіздегі сауда жасау тарихы сияқты кейбір ақпарат белгілі бір уақыт өткеннен кейін ескіретіндіктен, біз мұндай ақпаратты оны жинауға негіз болған мақсаттарды орындауға қажетті белгілі бір кезеңдер аяқталысымен автоматты түрде жоямыз.
<ul style="list-style-type: none">• іскерлік есеп және төлем жүргізу есебі	Біз компанияның ішкі талаптары мен салық төлеу талаптарын басшылыққа ала отырып, әдетте, 11 жыл бойы белгілі бір кезеңде жасалған және қабылданған шот-фактуралардың, сату және сатып алу деректерінің, төлем жүргізу деректерінің, сондай-ақ ілеспе құжаттардың (мысалы, шарттар және электронды хаттар) есебін жүргіземіз. Сонымен қатар, біз нормативтік-құқықтық міндеттемелерді орындау талап етілетін мерзім ішінде жеткізушілер тарапынан орындалған тексерістердің есебін жүргіземіз.
<ul style="list-style-type: none">• келушілердің жазбалары	Егер сіз біздің топтың ғимараттарының біріне келетін болсаңыз, осыған байланысты сізді тіркеу деректері әдетте бірнеше ай бойы сақталады.
<ul style="list-style-type: none">• Жасырын	Сіз біздің ғимараттарымызға келген жағдайда, осыған қатысты жасырын



Деректердің типі	Түсіндірмесі / деректерді сақтауға қатысты типтік критерийлер
бейнебақылау жүйесінің (CCTV) көмегімен алынған жазбалар	бейнебақылау жүйесінің көмегімен алынған жазбалар әдетте, тиісті жазбаның нақты мақсатын ескере отырып, бірнеше күннен бірнеше аптаға дейінгі мерзім ішінде сақталады.
• сатып алу әрекеттеріне және кепілдікке қатысты ақпарат	Сіз тауар сатып алған жағдайда, біз осыған қатысты деректерді мұндай сауда-саттықты аяқтау және кез келген құқықтық міндеттемелерді орындау (мысалы, салық төлеу және бухгалтерлік есепті жүргізу мақсаттарында) үшін талап етілетін мерзім ішінде сақтаймыз. Сіз «PMI» компаниялар тобының өніміне қатысты кепілдік алу үшін тіркелген жағдайда да, біз осыған қатысты деректерді мұндай кепілдік мерзімі аяқталғанша сақтаймыз.
• клиенттерге қызмет көрсетуге қатысты ақпарат	Егер сіз клиенттерге қызмет көрсету бөліміне жүгінетін болсаңыз, біз сіздің жүгінуіңіз туралы арнайы жазба дайындаймыз да, оны мәселен, кепілдік берілетін құрылғыны ауыстыру жағдайында қолдану мақсатында, мұндай жазба біздің қарым-қатынасымызға қажетті болған мерзім ішінде сақтаймыз. Клиенттерге қызмет көрсетуге қатысты дайындалған өзге де жазбалар (мысалы, сіз бізден сауда нүктесінің мекенжайын сұрау үшін бізге телефон арқылы қоңырау шалған кезде автоматты түрде дайындалған жазба) бұдан тұрақты жазбалар дайындалғанға дейін ғана қолданылады және тек уақытша сақталады.
• жүйелі бақылау журналдарындағы деректер	Жүйелі бақылау журналдарындағы деректер әдетте тек бірнеше ай бойы сақталады.
• бизнес-талдау деректері	Бизнес-талдау деректері әдетте, сіз «PMI» компаниялар тобының байланыс нүктелерін қолданған кезде автоматты түрде сақталады және бұдан кейін дереу жасырылған/кіріктірілген деректерге айналдырылады.

Сіздің қандай құқықтарыңыз бен мүмкіндіктеріңіз бар?

Біздің тарапымыздан қолданылатын сіз туралы ақпаратқа қатысты сіз үшін келесі құқықтардың кейбірі немесе барлығы қамтамасыз етілген:

- бізден сізге мұндай ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігін беруді сұрау;
- бізден қандай да бір ақпараттың түзетілуін, жаңартылуын немесе жойылуын сұрау;
- бізден белгілі бір жағдайларда мұндай ақпаратты біздің шектелген түрде қолдануымызды сұрау;
- белгілі бір жағдайларда мұндай ақпаратты біздің тарапымыздан пайдаланылуына қарсылық білдіру;
- біздің мұндай ақпаратты қолдануымызға қатысты берген өз келісіміңіздің күшін жою;
- белгілі бір жағдайларда бізден мұндай ақпаратты беру (тасымалдау) мүмкіндігін қамтамасыз етуді сұрау;
- біздің мұндай ақпаратты тікелей маркетинг мақсаттарында қолдануымыздан бас тарту; сондай-ақ
- өз еліңіздегі қадағалау органына шағым түсіру (егер біздің тарапымыздан жоғарыда көрсетілген әрекеттердің қандай да бірі орындалмаған болса).

Біз сізге аталған құқықтарды жүзеге асырудың оңай жолдарын ұсынамыз, мәселен оларды «хат алудан бас тарту» сілтемелерін немесе сізге берілген біздің тобымызбен байланыс орнату мекенжайларын, сіздің тарапыңыздан қабылданатын хаттарды немесе осы хабарламаның



соңындағы «Сұрақтарыңыз бойынша кімге хабарласуыңыз қажет?» параграфында көрсетілген байланыс деректерін қолдану арқылы жүзеге асыруыңызға болады.

Біз ұсынатын кейбір мобильді қосымша бағдарламаларда сізге, мысалы, жаңа өнімдер немесе қызметтер туралы push-хаттар да жіберілуі мүмкін. Сіз өз телефоныңыздағы немесе қосымша бағдарламадағы баптаулардың көмегімен мұндай хаттарды алудан бас тарта аласыз.

толығырақ ақпарат алу...

Сізге берілетін құқықтардың көлемі сіздің еліңіздің заңдарына байланысты болады. Егер сіз Еуропалық экономикалық аймақ шегінде орналасқан болсаңыз, сізге төмендегі кестеде көрсетілген құқықтар беріледі. Егер басқа жерде орналасқан болсаңыз, осыған қатысты толығырақ ақпарат алу үшін бізге хабарласа аласыз (осы хабарламаның соңындағы «Сұрақтарыңыз бойынша кімге хабарласуыңыз қажет?» параграфын қараңыз).

Біздің тарапымыздан пайдаланылатын сіз туралы ақпаратқа қатысты сіз жекелеген құқықтар	Егжей-тегжейлі деректер (ескертпе: осы құқықтардың барлығына қатысты бірқатар заңи шектеулер қойылады)
<ul style="list-style-type: none"> • бізден сізге тиісті ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігін беруді сұрау 	<p>Осы арқылы келесі жайттар расталады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • біздің сізге қатысты ақпаратты өңдей алатындығымыз немесе алмайтындығымыз; • біздің атауымыз және байланыс деректеріміз; • ақпаратты өңдеу мақсаты; • тиісті ақпараттың санаттары; • біз тиісті ақпаратты бөлісетін тұлғалардың санаттары, сондай-ақ, егер қандай да бір тұлға ЕЭА шегінен тыс орналасқан болса және Еуропалық комиссияның Сәйкестік туралы шешімі негізінде берілетін артықшылықтарды ала алмаса, ақпараттың қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталған тиісті кепілдіктер; • егер біз сізден тиісті ақпаратты алмаған болсақ, мұндай ақпаратты алуға болатын басқа да дереккөздер (бізде мұндай дереккөздер бар болса); • (сізге арнайы хабарланатын, біздің тарапымыздан жүзеге асырылатын әрекеттер шеңберінде) сіз үшін заңды салдарлары бар немесе сізге осыған ұқсас тәртіпте елеулі түрде әсерін тигізетін қандай да бір шешімдерді автоматты түрде қабылдау, соның ішінде белгілі бір тұлға үшін жеке профиль құру мүмкіндігінің болуы, жұмыс барысында басшылыққа алынған логика туралы ақпарат, сондай-ақ сізге қатысты ақпараттың мұндай тәртіпте өңделуінің сіз үшін маңыздылығы және болжалды салдары; және • біздің тарапымыздан тиісті ақпаратты сақтау көзделетін уақыт кезеңін анықтау критерийлері. <p>Сіздің сұрауыңыз бойынша біз сізге біздің тарапымыздан қолданылатын сіз туралы ақпараттың үзінді көшірмесін береміз (бұл өзге тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарына әсер етпейтін болса).</p>
<ul style="list-style-type: none"> • бізден қандай да бір ақпараттың түзетілуін немесе жаңартылуын сұрау 	<p>Бұл құқық бізде бар ақпарат дәл емес немесе толық емес болған жағдайда қолданылады.</p>
<ul style="list-style-type: none"> • бізден қандай да бір 	<p>Бұл құқық мына жағдайларда қолданылады:</p>



Біздің тарапымыздан пайдаланылатын сіз туралы қатысты құқықтар	Егжей-тегжейлі деректер (ескертпе: осы құқықтардың барлығына қатысты бірқатар заңи шектеулер қойылады)
ақпараттың жойылуын сұрау	<ul style="list-style-type: none">• бізде бар ақпарат мұндай ақпараттың қолданылуына негіз болған мақсаттар үшін бұдан әрі қажет емес болса;• біз сізге қатысты ақпаратты сіздің келісіміңіз негізінде қолданатындықтан, сіздің мұндай келісім беруден тас тартуыңыз жағдайында (бұл жағдайда, егер сіз бізге өзіңізге қатысты ақпараттың барлығын жоюды қалайтындығыңыз туралы хабарламаған болсаңыз, біз сізбен бұл туралы қайтадан байланысудың қажеттігі жоқ деп түсінеміз және мұндай жағдайда біз сіздің қалауыңызға құрметпен қараймыз);• біз сізге қатысты ақпаратты заңды мүдделер негізінде қолданатындықтан, сіз бұған наразылық танытатын жағдайда, біз мұндай ақпаратты одан әрі қолдануға аса мүдделі емеспіз деп шешетін болсақ;• тиісті ақпарат заңсыз алынған немесе қолданылған болса; әлде• заңды міндеттемелерді орындау қажет болса.
<ul style="list-style-type: none">• бізден сізге қатысты ақпаратты өңдеуге шектеу қоюды сұрау	<p>Бұл құқық біздің тарапымыздан сіздің келесі жағдайларға байланысты туындаған ісіңізді қарау кезінде уақытша қолданылады:</p> <ul style="list-style-type: none">• егер сіз біздің тарапымыздан қолданылатын ақпараттың дәлдігіне күмән келтіретін болсаңыз; немесе• заңды мүдделерді негізге ала отырып, біздің сізге қатысты ақпаратты қолдануымызға қарсы болсаңыз <p>(егер сіз осы жағдайларда өзіңіздің құқықтарыңызды қолданатын болсаңыз, біз сізге қатысты мұндай ақпаратты қайтадан қолданар алдында сізге бұл туралы ескертеміз).</p> <p>Бұл құқық келесі жағдайларда да қолданылады:</p> <ul style="list-style-type: none">• біздің сізге қатысты ақпаратты қолдануымыз заңсыз болса және сіз олардың жойылуына қарсы болсаңыз; немесе• бізге мұндай ақпарат бұдан әрі қажет болмаса, алайда сіз оларды қандай да бір сот ісін жүргізу үшін талап етсеңіз.
<ul style="list-style-type: none">• сізге қатысты ақпараттың біздің тарапымыздан өңделуіне қарсылық білдіру	<p>Сіз осы жағдайға қатысты келесі екі құқық түрін қолдана аласыз:</p> <p>(i) егер біз сізге қатысты ақпаратты тікелей маркетинг үшін қолданатын болсақ: сіз бұдан бас тарта (себебін түсіндірместен) аласыз, бұдан кейін біз сіздің сұрауыңызды қанағаттандырамыз; сондай-ақ</p> <p>(ii) егер біз сізге қатысты ақпаратты тікелей маркетинг мақсаттарынан өзге мақсаттарда, заңды мүдделерді негізге ала отырып қолданатын болсақ, сіз өзіңіздің нақты жағдайдағы пікіріңізді түсіндіру арқылы біздің мұндай ақпаратты осы мақсаттарда пайдалануымызға қарсылық білдіре аласыз, бұдан кейін біз сіздің наразылығыңызды қарастырамыз.</p>
<ul style="list-style-type: none">• біздің сізге қатысты ақпаратты қолдануымызға қатысты берген өз келісіміңіздің күшін жою	<p>Бұл құқық сізге қатысты ақпаратты қолданудың құқықтық негізі сіздің осыған қатысты келісіміңіз болып табылған жағдайда қолданылады. Мұндай жағдайлар тиісті мәселенің барысына қарай айқындалады.</p>
<ul style="list-style-type: none">• бізден сізге қатысты ақпаратты беру	<p>Егер:</p>



Біздің тарапымыздан пайдаланылатын сіз туралы ақпаратқа қатысты жекелеген құқықтар	Егжей-тегжейлі деректер (ескертпе: осы құқықтардың барлығына қатысты бірқатар заңи шектеулер қойылады)
(тасымалдау) мүмкіндігін қамтамасыз етуді сұрау	(i) сіз бізге қандай да бір ақпаратты берсеңіз; ал (ii) біз мұндай ақпаратты автоматты түрде өңдеу құралдарының көмегімен және сіздің келісіміңіз негізінде немесе біздің сіздің алдыңыздағы шарттық міндеттемелерді орындауымыз қажет екендігін негізге ала отырып қолданатын болсақ, онда сіздің бізден жалпылай қабылданған форматтағы деректерді алуға және біз үшін техникалық тұрғыдан мүмкін болған жағдайда, мұндай деректерді басқа тұлғаға беруді талап етуге құқығыңыз бар.
• өз еліңіздегі қадағалау органына шағым түсіру	Еуропалық экономикалық аймақта орналасқан әрбір елде осы мақсат үшін бір немесе бірнеше мемлекеттік орган болуы тиіс. Мұндай органдардың байланыс деректерін мына сілтеме бойынша таба аласыз: http://ec.europa.eu/justice/data-protection/bodies/authorities/index_en.htm Еуропалық экономикалық аймақ шегінен тыс орналасқан елдердегі мұндай органдар туралы мәліметтер алу үшін өз еліңіздегі билік органдарының веб-сайттарына кіруіңізді сұраймыз.

Жекелеген елдерде ескерілген қосымша құқықтар

Сіздің қай елдің аумағында екендігіңізге байланысты сізге бұдан өзге де бірқатар құқықтар берілуі мүмкін.

Сіз Франция аумағында болған жағдайда ұсынылатын толығырақ ақпарат ...

- Егер сіз Францияның аумағында болсаңыз, бізге сіз қайтыс болғаннан жағдайда біздің қолымыздағы ақпаратпен не істеу керектігі туралы нұсқаулар (мәселен, бізге оларды сақтау немесе жою керек пе, сондай-ақ оларды өзге тұлғалар көруге құқылы ма) беруге құқылысыз. Сіз:

(А) Франциядағы Деректердің қорғалуын қадағалау органында («CNIL» деп аталады) тіркелген Сандық қызметтерді көрсетуші тұлғаға осыған қатысты жалпы нұсқауларды бере аласыз (мұндай нұсқаулықтар сізге қатысты ақпаратты кез келген тәртіпте қолдану жағдайына қатысты болып табылады); немесе

(В) бізге сіз туралы ақпараттың тек біздің тарапымыздан қолданылуына қатысты нақты нұсқаулар бере аласыз.

Сіздің нұсқауларыңыз бойынша бізден сізге қатысты ақпаратты үшінші тұлғаға беру талап етілуі мүмкін (алайда мұндай ақпаратта өзге тұлғаларға қатысты деректер қамтылған жағдайда, біз олардың да Құпиялылыққа қатысты құқықтарын да құрметтеуге міндетті болғандықтан, сіз қалдырған хаттағы нұсқаулықтарды басшылыққа ала алмаймыз). Сіз мұндай нұсқауларыңыздың орындалуына жауапты болатын үшінші тұлғаны тағайындай аласыз. Егер сіз мұндай тәртіпте үшінші тұлғаны тағайындамаған жағдайда, сіздің құқықтық мұрагерлеріңіз сіз қайтыс болғаннан кейін сіз туралы ақпаратқа қатысты сіздің құқықтарыңызды қолдануға құқылы (егер сіз өз нұсқауларыңызда басқаша көрсетпеген болсаңыз), бұл:

(i) сіздің мүлкіңізді басқару үшін (бұл жағдайда сіздің құқықтық мұрагерлеріңіз сіздің мүлкіңізді басқаруға пайдасы тиюі мүмкін ақпаратты сәйкестендіру және алу



мақсатында сіз туралы ақпаратты, соның ішінде жалпы отбасыға тиесілі деп есептелуі мүмкін және сіздің құқықтық мұрагерлеріңізге берілуі тиіс кез келген ортақ сандық тауарларды немесе деректерді қолдана алады); сондай-ақ

(ii) сіз туралы ақпаратты қолданушы тараптардың сіздің қайтыс болуыңызға байланысты әрекеттерді (мысалы, сіздің тіркеу жазбаңызды жабу және сізге қатысты ақпараттың қолданылуын немесе жаңартылуын шектеу) орындауын қамтамасыз ету үшін қажет.

Сіз кез келген уақытта өзіңіздің нұсқауларыңызды өзгерте немесе олардың күшін жоя аласыз. Сіз қайтыс болған жағдайда сізге қатысты ақпаратты өңдеу жөніндегі егжей-тегжейлі ақпаратты 1978 жылдың 6 қаңтарында қабылданған 78-17 нөмірлі Заңның 40-1 бабынан қараңыз. Сіз қайтыс болған уақыт сіздің өз тіркеу жазбаңызды бұдан әрі қолдануды тоқтатқандығыңызды білдіреді және мұндайда біз топ шеңберінде басшылыққа алынатын «Ақпаратты сақтау саясатына» сәйкес сізге қатысты ақпаратты жоямыз (толығырақ ақпарат алу үшін «Сізге қатысты ақпарат қандай мерзімге сақталады?» параграфын қараңыз).

Сұрақтарыңыз бойынша кімге хабарласуыңыз қажет?

Егер сізде қандай да бір сұрақтар туындаған болса немесе қандай да бір құқықтарыңызды қолдануды қаласаңыз, «PMI» компаниялар тобының тиісті үлестес тұлғасының және Деректерді қорғау жөніндегі қызметкердің (қарастырылған болса) байланыс деректерін [мына сілтеме](#) арқылы біле аласыз. Сондай-ақ байланыс деректері сізге «PMI» компаниялар тобының үлестес тұлғасы тарапынан жіберілетін қатынас хаттарының кез келгенінде көрсетіледі.

Егер сіз орналасқан елде деректерді қорғауға маманданған орган болса, сіздің оларға кез келген сұрақ немесе мәселе бойынша хабарласуға құқығыңыз бар. Егер «PMI» компаниялар тобының тиісті үлестес тұлғасы сізде туындаған сұрақтарды немесе мәселелерді шеше алмаса, сіздің сондай-ақ ұлттық сот жанындағы соттық қорғаныс құралдарына жүгінуге құқығыңыз бар.

Осы хабарламаға өзгерістер енгізу

Осы хабарлама (және кез келген қосымша Құпиялылық туралы хабарлама) біздің тарапымыздан әлсін-әлсін жаңартылуы мүмкін. Жергілікті заңнамамен талап етілген жағдайда, біз сізге мұндай өзгерістер туралы хабарлайтын боламыз.

Соңғы рет 2018 жылдың 13 сәуірінде өзгерістер енгізілген. Осы хабарламаның алдыңғы нұсқаларын [мына сілтеме](#) арқылы таба аласыз.